



ОҚЫС ОҚИҒА

Таң алдындағы төтті ұйқының шырқы бұзылды. Тау көшіп, тас құлағандай, дүние астаң-кестең болды да кетті. Көпқабатты үйлердің төбесі түсіп, қабырғалары қаңбақтай ұшқан. Бетон белағаштар морт үзіліпті. Есік-терезелерінің күл-талқаны шығып, жарты қала қирап қалғандай көрінді. Осы сәрсенбінің таңы Тараз тұрғындары үшін осылай сәтсіз атты.

Каланың тоғызыншы ықшамауданындағы №62 үйде 2-қабаттағы 49-пәтерде болған жарылыстан көпқабатты үйдің бір бөлігі қирап, адам тұруға жарамай қалған. Алдын ала болжам бойынша, зілзала газ пешін пайдалану барысында абайсыздықтан болғаны анықталып отыр. Төбеден жай түсірген апаттан жалпы 8 адам зардап шегіп, оның үшеуі оқиға орнында көз жұмды. 15 пәтер бүлініп, оның алтауы мүлде жарамсыз болып қалған. Тосын жарылыстан көз жұмған тұрғындардың жақындарына қала қаржысынан 1 миллион теңге көлемінде көмек ретінде қаражат берілді. Ал қаражат алғандарға медициналық, психологиялық жәрдем көрсетілуде. Алдын ала жасалған болжамға қарағанда, жарылыс болған үйдегі 100-ге жуық тұрғынның дені — пәтерлерді жалға алушылар болып шықты.

Оқиганы көзімен көрген тұрғындардың бірі «Жарылыс қатты болды. Шошып ояндық. Үш бала болып үйге кірдік. Құлаған бетон қабырға

жұмыстарды толық баяндап берді. Жедел штаб құрылғанын, жедел байланыс орнатылғанын жеткізді.

Жасыратыны жоқ, бізде мәселенің себебімен емес, салдарымен күресетін қасаң әдет қалыптасқан. Тараздағы жағдай сонын, мысалы. Егер,



Фото: ӘКСІРЕ

САЛҒЫРТТЫҚ САЛҚЫНЫ МА, ӘЛДЕ?..

адамды басып қалыпты. Астынан бір әйелді шығарып алдық. Одан кейін тағы бір ер адамды құтқардық. Үшінші адам сол жерде қайтыс болып кетіпті», — деді.

Жарылыстан жапа шеккендер туралы денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов зардап шеккен тұрғындардың бақылауда болатынын хабарлады. Әзірше жараланған адамдарға қажетті медициналық көмек көрсетіліп жатқанын, бір баланың ашық ми жарақатымен ауыр жағдайда екенін, тағы бір адамның денесін күйік шалғанын хабарлады.

Біз Таразды тенселткен оқиғаның жай-жапсарын білу мақсатында Жамбыл облыстық әкімдігіне хабарластық. Әкімдіктің баспасөз орталығына жауапты мамандар мәселенің жай-жапсарын айтып, істеліп жатқан



атқамінерлер жұрттың қамын жеп, мұнын тындап, қауіпсіздік мәселесіне ұдайы назар аударса, мұндай жойқын жарылыс орын алмас па еді? Аткамінер деп, әкім-қараларды айтып отырмыз. «Әкім бол, халқына жақын бол» деген ұстанымнан айнымаған азаматтың бірі Бердібек Сапарбаев болғанын жұрттың бәрі айтады. Шығыс Қазақстан облысын басқарған жылдары көктемгі жауын-шашында аяғына етік киіп, батпак кешіп жүргенін көрген жұрт біраз уақыт әңгімеге айналдырды. Ақтөбеге барғанда да сол әдетінен жаңылған жоқ: халықтың ішінде, күрмеуі қиын күйіп тұрған мәселенің қак ортасында жүрді. Егер, барлық ақ жағалы Сапарбаевтай болса, үнемі ел ішінде жүрсе, газ құбырлары, от пен ток көзін жиі тексеріп отырса, дер кезінде тиісті шара қолданса, ешкім зардап шекпес еді.

Қорыта айтқанда, газ құбыры ескіріп, тесіліп қалған жағдайда да оған жауапты мамандар жауап беруі тиіс. Ал оларды қадағалайтын әкім-қаралар жауапкершіліктен сырт қала алмайды. Ал газды қосып, өшіруді ұмытып кеткен болса, ол — тұрғындардың қателігі. Не де болса, бұл салғырттықтың салқыны.

Жарас ШӨКЕ

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ:

ЖАСТАР АУЫР ЖҰМЫСҚА БАРМАЙДЫ

Дамыған елдерде мектеп бітірушілердің 25-35 пайызы ғана жоғары оқу орнына түседі. Өзгесі мүмкіндігіне қарай жеке кәсібін ашып, алғашқы еңбек жолын бастауға тырысады. Ал біздің жастардың 80 пайызының арман-мақсаты — жоғары оқу орнына түсу. Ал оқуға түсе алмағаны қайтпек? Өмірден өз жолын қалай табады? Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы біздің тілшімізбен бүгін жастар мәселесі жөнінде ой бөлісті.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мұрат Бақтиярұлы, жастар, оларға білім беру төңірегінде жиі мәселе көтересіз. Жастар жылында бұл тақырыпқа тереңдей түсетін секілдісіз. Жалпы, осы буынға, оның ішінде ауыл жастарына қандай мүмкіндік беріліп жатыр? Жастар жылы форумдармен басталды, ертең сол форуммен аяқталып жүрмей ме?

Мұрат Бақтиярұлы: Елімізде 18 миллионнан астам тұрғынның 4 миллионға жуығы жастар. Оның 1,5 миллионнан астамы — ауыл жастары. Сондықтан да болар, қазіргі күні қоғамда жастарға қатысты проблема өте көп. Оның ішінде ең басты мәселе — жұмыссыздық. Біз депутат ретінде елді мекендерге жиі шығамыз. Сайлаушылармен кездесеміз. Сол кезде ақсақалдардың айтатыны ауылда жастар қалмай барады. Оқуға кетеді де, елге қайта оралмайды. Сіз айтып отырсыз, жыл форуммен басталып, форуммен аяқталмаса екен деп. Сондықтан форумдардан бас тартуымыз керек. Бас қосулар болып жатқанын байқаймын. Телеарналардан байқағаным, облыстық деңгейде толып жатқан дөңгелек үстел, форум өтіп жатыр. Мұның енді түкке керекті жоқ. Не істеу керек? Біріншіден, бүгінде жастарды жұмыспен қамтудың ең тиімді жолы — ауылда қалған қыз-жігіттерді кәсіпке баулу. Бұл — үлкен мәселе. Осы бағытта енді арнайы бағдарламалар бар. Алайда кейбір бағдарлама жастарға жетпей ме деп қорқамын. Соның бірі — арнаулы кәсіптік біліммен тегін қамтамасыз ету. Мұны жастардың көпшілігі біле бермейді. Мысалы, аудандарда, облыс орталықтарында колледждерде жұмысшы мамандықтарына тегін оқытады. Тамағы мен стипендиясы да бар.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұл жақсы емес пе! Жастарға жағдай жасалып жатыр...

Мұрат Бақтиярұлы: Әрине, жақсы. Бірақ күдік тудыратын жағдайлар бар. Тегін нәрсенің өзіне жастар барып жатқан жоқ...

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙІН

БЕЛДЕН БАСЫП ОТЫР



Ал Ресейге жіберілетін экспорт көлемі керісінше, төмендеп келеді. Мәселен, өткен жылы 2 пайызға кеміпті. Бұған терістік көршіміздің өз өндірушілерінің мүддесін көбірек күйтейтіні себеп.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

66,10



DOLLAR

377.26



EURO

429,93



РУБЛЬ

5,74

ҚЫЗЫҚСТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қалаға дейін
23 000 теңге

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Елімізде алдағы уақытта мемлекеттік реформалардың тиімділігін бағалайтын орталық құрылады. Әкімдер жұртқа жақын болуы тиіс. Халықпен ашық әрі әділ диалог жүргізу керек. Осы секілді өзекті мәселелерді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы аптада өткен «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде айтты.

Ең басты жаңалық — Елбасы тапсырмасымен «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты бағдарламасының әзірленуі. Құжатта Мемлекет басшысының елімізді жан-жақты жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға партияның қосатын нақты үлесі мен жұмысы көрсетілген.

Бүгінге дейін қол жеткен жетістіктердің барлығы халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі екендігін ерекше атап көрсеткен Н.Назарбаев алда үлкен міндеттер тұрғанын, ең бастысы, халықтың әлеуметтік мәселесіне назар аударылатынын айтты. Мәселен, биыл Ұлттық қордан тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға қыруар қаражат бөлінбекші. Осы тұрғыда табысты арттыру және

жасалады. Аз қамтылған көпбалалы отбасылардың тұрмысын түзеу мақсатында Үкіметке атаулы көмек көрсету өлшемін ең төменгі күнкөріс шегінен *(14849 теңгеден 20789 теңгеге дейін)* 70 пайызға дейін арттыру тапсырылды. Нәтижесінде биыл 830 мыңнан астам адам, соның ішінде 550 мың бала атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізеді. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға, камқоршылар

екенін жеткізді. Одан әрі ауылдарды көркейту де тілге тиек болды. Осы орайда жергілікті жолдарды жөндеуге 350 млрд теңге бөлінетіндігі белгілі болды. Осыған байланысты Елбасы: «Бізде өңірлік дамуда айтарлықтай айырмашылық бар. Неге бір облыстың жолы жаксы, ал екіншісінде нашар? Бір жерде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тұрақты болса, енді бір



ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ҮШІН

халықтың аз қамтылған бөліктерін қолдау, табысы төмен азаматтардың баспана мәселесін шешу және білім беру, денсаулық сақтау салаларын жақсарту секілді басым бағыттар нақтыланды. Ендігі жерде тұрғындарының әл-ауқат деңгейін көтеру шаралары күшейтіледі. Бұл 1 миллионнан астам адамды қамтиды. 1 шілдеден бастап бюджеттік салада төмен жалақы алатын азаматтардың еңбекақысы 30 пайызға дейін, ал аудандық, облыстық деңгейлерде атқарушы органдардың төменгі қызметкерлерінің еңбекақысын 25 пайызға көбейеді. Әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын күшейтіледі. Елімізде 340 мың отбасының төрт және одан көп баласы бар. Оларды қолдауға жыл сайын 500 миллиард теңге жұмсалады. Бірақ отбасылық табысқа байланысты бірінші кезекте табысы төмен көпбалалы отбасыларға қамқорлық

мен отбасыларға берілетін жәрдемақы 30 пайызға көтеріледі. Аз қамтылған әрі көпбалалы отбасыларға «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер салынып, ол «Тұрғын үй жинақ банкі» арқылы жылдық өсімі 2-3 пайызбен беріледі. Балалы отбасыларға үйде отырып жұмыс істеу, грант пен шағын несиелердің жекелеген квотасын бөлу де қарастырылма. Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосымша 120 миллиард теңге бөлінсе, 1,1 миллион тұрғын газбен қамтамасыз етіледі. Таза ауыз су мәселесін шешу одан әрі жалғасады. Осылайша ауылдағы 7,5 млн тұрғынның әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік беріледі. Н.Назарбаев өскелең ұрпақтың қазақ тілімен қатар орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлей алуы заман талабы

жерлерде іркіліс орын алуда? Демек, шынымен жұмыс істейтін, адамдардың проблемасын білетін және шешетін әкімдер бар деген сөз. Дегенмен, халықпен тілдесуден қашатын және өңір тұрғындарының шынайы қажеттіліктерін қаперге алмайтындар да бар», — деп, өңір әкімдерінің халыққа жақын болуы тиістігін айтты. Мемлекет басшысы әкімдердің жылына бір рет есеп беретіндігін, оның өзі атүсті түрде өтетіндігін, әкімдер жыл бойы халықтың түрлі санаттары: дәрігерлермен, мұғалімдермен, жастармен кездесуі керектігін де ескертті. Мемлекет басшысы жаңа бағдарламада көзделген міндеттерді іске асыруды тапсырды.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Инфографика

ЖАЛАҚЫ мен ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ ӨСУІ



БАСПАНАМЕН ҚАМТУ



Көпбалалы отбасыларға басымдық беріледі

Ауыс-түйіс



Мемлекет басшысының Әкімімен Жансейіт Түймебаев Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Сөз-Жебе

Владимир БОЖКО, Мәжіліс төрағасының орынбасары:

«Біздің азаматтарымыз өз денсаулығына қашан назар аударады екен? Бала кезімде анам мені қыстан кейін пешті тазаламасам, сілкіп алатын. Мен кішкентай болсам да пешті тазалайтынмын. Ысты тазалайтын арнайы сыпырғышым да болған. Ал бізде пешті бір рет салынса, болды деп ойлайды. Оқу керек. Өйткені бір жарым миллионнан астам нұсқаулық барлық қоршауға ілінді. Кешіріңіздер, басқа амалын көріп тұрған жоқпын»



Әлеумет.t⁰



ПҰЛДЫҢ БУЫ МА?

Айта-айта жауыр болған бір мақал бар: «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Сол сөзді тағы да қайталауға мәжбүрміз. Неге? Сонғы бірер айда әлеуметтік мәселе алға озып, көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасылардың күнкөрісі басты тақырыпқа шығып, қоғам қыжылы күшейген тұста, әлдебір әнші мерейтойын өткізіп жұрттың жүйкесіне тиді. Мерейтой дейтіндей ердің жасы елу немесе карттықтың басы саналатын 60-70 емес, бала-шағаның бір-екі мүшелі ғана. Соны әлдеқандай ұлан-асыр той қылып, ақшадан шашу шашып, көк қағаздың үстінде аласұрып биледі. Ол аздай әке-шешесі мен бауырлары құны шамамен 100 мың доллардай тұрайтын темір тұлпар сыйлап, оны әлеуметтік желіге салды. Осыны Кегеннің қырында қой жайып жүрген кластасыма айттым. «Жаяу жүрген бе еді?» деді жаны ашығандай. Мырс етіп күліп жібердім. Күлкімнің мәнісін түсінбеді-ау деймін, бетіме бір қарады да қойды.

Біреудің байлығын, ішкен-жегенін санаудан аулақпыз. Бірақ дәл сол әнші осыдан біраз күн бұрын, яғни Астанада бес сәби отқа оранып, жұрт есенгіреп жатқан сәтте шетелде жүрді. Жағажайдағы киноларындағыдай демалысының фотосуретін әлеуметтік желіге салып, халықтың шамына тиді. Әлеуметтік желідегі пікірдің дені әлгі әншіні қолдап, «сенікі дұрыс» деп жатқан жоқ. Керісінше, «Біреулер тұратын баспана, ілдебайлап күн көріп жатқанда, мынау неменеге есіреді?», «Халық болмаса, бұны кім әнші қылыпты?», «Оның талтандап жүргені халықтың ақшасы» деген сияқты пікір жазып жатыр. Онысы рас. Әнші деген кім? Ол — халық сүйген, әнін тыңдап, өнерін бағалаған қарапайым адам. Халық алақанына салмаса, әнші

де, әртіс те ешкім емес. Сондықтан, халықтың алдында дүние-мүлкімен мақтану, ішкен-жегенімен масаттану артық.

Шетелдің әнші-әртістері де миллионер. Бірақ олардың жұрт қиналып жатқанда, дәл осындай ерсі қылықтар жасағанын естімедік. Қайта аты әйгілі Анжелина Жолидің өзі Африкада аштықтан бұралып жатқан балалардың бірін асырап алып, жұртты сүйсіндірді. Әлгі ақша таптап, бас-басына көлік мініп жүрген біздің әншілер, кино жұлдыздары көпбалалы аналардың біріне пәтер емес-ау, жай ғана жатақхана алып берсе, онысын әлеуметтік желіге салса, қалай болар еді? Жұрт төбесіне көтеріп, «Халық қаһарманы» жасап жіберер еді ғой. Әй, бірақ біздің қалталы әнші-әртістердің ондай жомарттыққа баратынына күмәнім бар. Тіпті, солардың жетімдерді жебегенін, біреуге көмектескенін естімеппіз.

Айтпақшы, осыдан бірнеше күн бұрын тағы бір танымал «жұлдыз» тойдың «гүлі» болды. Оны жұрт ұялы телефонға түсіріп алып, әлеуметтік желіге салды. Не істеді дейсіздер ғой? Жерге жатып алып биледі. Биінің иірімін ұмытып қалды ма, сонына қарай аунады. Үндінің ғашықтық киноларындағыдай дөңгеледі. Әртіс қой дедік! Бірақ үндінің қыздары жасыл шөптің үстінде, ғашық жігітінің құшағына құлайтын. Ал біздің әлгі танымалы актрисамыз жалғыздан-жалғыз еденде аунап жатыр.

Айтқан адамның аузы жаман. Бірақ біздің әнші-әртістердің сиқы осындай болып тұр.



Жарас КЕМЕЛЖАН

Қызықтан қызықтары

ЖОЛДАҒЫ АЛАЯҚТАР

Алматыға іссапармен келген ресейлік әйел әуежайдан қала орталығына жету үшін таксиге 23 мың теңге төлепті. Тіпті оған 17500 теңгенің түбіртегін де жазып беріпті. Әлеуметтік желіде желдей ескен осы оқиғаның мән-жайы кейін белгілі болды.

Алматы халықаралық әуежайы мән-жайды анықтап, такси жүргізушісінің әуежаймен ресми келісімшарт жасаған АропTaxi такси компаниясына қатысы жоқтығын хабарлады. Тіпті жүргізушінің жалған түбіртек пайдаланғаны да белгілі болды. Жүргізушінің кім екендігі анықталып, ол артық ақшасын иесіне қайтарып беретін болды.

Айтпақшы, осыдан екі жыл бұрын астаналық такси жүргізушісі венгр азаматынан 40000 теңге алып, кейін қайтарып берген еді.





(Басы 1-бетте)

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұл не дегеніңіз? Жастар оқығысы келмей ме, әлде мемлекет жастарды оқуға тарта алмай отыр ма?

Мұрат Бактиярұлы: Бұған екі жақты карауға болады. Ең бастысы — мектептен бастап жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары аз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жергілікті жерлерде...

Мұрат Бактиярұлы: Иә, жергілікті жерлерде 8-9-сынып оқушылары арасында жүргізілетін үгіт-насихат аз. Екіншіден, жергілікті жерлердегі ата-аналар да балаларының тәрбиесіне немқұрайды қарайды деген сөз. Үшінші бір үлкен мәселе — соны бітіргеннен кейін де жұмыссыз қаламыз ба?

мәселе — статистикалық мәліметтердің бұрмалануы. Бізде есепке алу, мониторинг жасау, сараптау мәселелері жергілікті жерден бастап республикалық деңгейге дейін дұрыс жолға қойылмаған. Сараптау, мониторинг деген секілді. Бізде әр ауылда әкім бар. Ауданның әкімі мен округтер бар. Олардың аппараты бар. «Статист» деген штат та бар. Міне, олар ауылда қанша отбасы, баласы бар, олар немен айналысып жатыр? Күнкөріс деңгейі қандай? Осының барлығына нақты мониторинг жүргізілуі керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Нақты зерттеу жок...

Мұрат Бактиярұлы: Иә, нақты зерттеу жок. Сондықтан да бізде төменгі жақтардың статистикасын алады да ауданға, олар облысқа береді. Облыс жоғарыға береді де, ақырында статистика бұрмаланып шыға келеді. Ал шын мәнінде, статистиканың нақты мәліметтері шынайы өмірге сәйкес келмейді. Сондықтан да жастар арасындағы ең көп проблема — жұмыссыздық.

оқу орындарында берілетін білім деңгейі біздігіге қарағанда сапалы. Оны мойындауымыз керек және екінші жағы Ресейдегі ЖОО төлемакысы, олардың стипендиясы бізге қарағанда анағұрлым жоғары. Содан кейін оларда түлектерді жұмыспен қамту мәселесі қарастырылған. Мұның екінші жағы — сол мамандықтарға қазақ ұлтының жастары баратын болса, ол біз үшін трагедия. Өйткені келешекте сол жақта қалып қоюы әбден мүмкін. Біз балаларды 11 жыл оны оқытамыз. Капитал саламыз. Ал 11 жылдан кейін басқа мемлекетте білім алып, білімін сол елді дамытуға жұмсайды. Сондықтан бұл мәселенің аражігін ажыратып алуымыз керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жастар көп жағдайдан креатив күтеді. «Ақыл — жастан, асыл — тастан» деп жатады. Сіз не көргіңіз келеді?

Мұрат Бактиярұлы: Бір жылды Жастар жылы деп атап, олардың бар проблемасын шешіп тастаймыз дегенге мен сенбеймін. Ол мүмкін емес.

ЖАСТАР АУЫР ЖҰМЫСҚА БАРМАЙДЫ



— деген қауіп бар. Сондықтан көп жастар осы салаға жиі бара бермейді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Одан гөрі жастар сауда жасап көргісі келеді...

Мұрат Бактиярұлы: Әрине, одан қала берді бір жерде қарауыл, күзетші болуды болмаса базарда жүріп, анау-мынау сатууды, арба сүйреу секілді жеңіл кәсіпке барғысы келеді. Сондықтан да қалыптасып қалған осы менталитетті бұзуымыз керек. Үгіт-насихат мектепте де басталуы керек. Мектеп бітірген қыз-жігіттердің барлығының жоғары білім алуы шарт емес. Солай емес пе! Көптеген дамыған елдердегі жағдайды алып қарасак, оларда жоғары оқу орнын бітірген азаматтар 20-30 пайызды ғана құрайды. Бізде керісінше 80-90 пайыз жоғары білім алуға тырысады. Мынадай бір мысал келтірейін. Қазір еліміздігі 127 жоғары оқу орнында 500 мыңға жуық азамат қызмет істейді. Тәуелсіздік жылдарында 2,5 миллионға жуық жастар жоғары білім алды. Солардың барлығы жұмыспен қамтылды деп айта алмаймын. 2017 жылғы мәліметті алсақ, жоғары оқу орнын 110 мың адам бітірген. Соның ішінде жұмысқа орналасқаны — 27 пайыз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Қалғандары қайда?

Мұрат Бактиярұлы: Қайда екенін білмейміз. Статистика жок. Неге? Екінші бір үлкен

Қыз-жігіттердің жаппай қалаға ағылуы, олардың кейбір жаман ортаға түсіп кетуі, түрлі секталарға баруы ойға қалдырады. Барлығы жергілікті жерде жұмыспен қамтамасыз етуден басталады. Егер оларды жұмыспен қамтамасыз етсек, аудан, облыс деңгейінде Алматы, Астана сынды ірі қалаларға жастар ағыла ма! Астананың өзінде жастардың 50-60 пайызы жалдамалы пәтерде тұрады. Барлығы басқа облыстан келгендер. Ал енді олардың келешек өмірі қалай болады? Егер жергілікті жерлерде жұмыспен қамту орталығы мамандық беріп, жұмыспен қамтыса, жастардың көпшілігі қалаға келмейді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сізбен өткен бір сұхбатымызда жастардың көбісі Ресейдің жоғары оқу орындарына барып жатқанын айтып едіңіз. Ал жақында бұрынғы қоғамдық даму министрі Дархан Қалетаев мырза: «Егер Ресейге кетіп жатқан болса, басқа шетелдерге кетіп жатса, ол сол елдің азаматтары деген кетіп жатыр. Ол біздің елге ешқандай қауіп төндірмейді» деді. Сіз қалай ойлайсыз?

Мұрат Бактиярұлы: Мен Қалетаев мырзамен келісемін. Өйткені тарихи отанына барамын, деген азаматтарға шектеу жок. Әрине, оны ешкім ұстап тұра да алмайды. Сондықтан мына нәрсені ескеруіміз керек. Ресей жоғары

Мәселе Жастар жылы деп жариялай отырып, олардың өзекті мәселелерін шешуге көзғау салу. Жастардың мәселесі барын айту. Оларға биліктің, басқа да жастарды қалыптастырушы мемлекеттік ұйымдардың бетін бұру. Ол — үлкен мәселе. Соның өзі жетістік деп ойлаймын. Сол себепті оны бір реттік деп қана қалдырмай, жастарды жұмыспен қамтамасыз ете алсақ, жастардың бетін біз кәсіпке бұрсак, мемлекет тарапынан тиісті пәтерін, жатақханасын салуға, әлеуметтік жағдайын көтере алсақ, осының өзі жетістік. Ендігі бір мәселе — жалақы мәселесі. Мысалы, жақысы 60-70 мың теңгелік ауыр жұмыстарға жастар бармайды. Сондықтан оны көтеру керек. Адамның еңбегі тиісті дәрежеде бағаланғаны жөн. Мен өткенде ғана Америкада жұмыс жасап жатқан қыздың сұхбатын оқыдым. Америкада қазақтың әдемі қызы оқып, жұмыс жасап жүр. АҚШ-қа барып тіл үйреніп, сол жерде мейрамхана бизнесі бойынша жұмыс жасаған. Жалақысы өте жақсы. Сол жалақысына пәтер жалдап, қосымша мамандық алып, қаржысының бір бөлігін ата-анасына жібереді. Сондықтан біз өзімізден төмен елдерге емес, жоғары дамыған елдердің деңгейіне жетеміз деп қадам жасауымыз керек. Меніңше, қоғамның, биліктің назарын жастар мәселесіне бұруды, мен үлкен жетістік деп санаймын.

ЖАҢДАЛЫҚПЕН ҚҰАНТҚСЫНІ

Өттің, дүние...



Кейде әдемі қартайған қарттар туралы әңгіме естіп қаласын. Ондайда ойға танымал тұлғалар арасынан түркітанушы ғалым Әбдуәли Қайдар бірден еске түседі. Қадірменді қария тоқсанның бесеуіне келгенде дүниеден бақилыққа аттанды.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Талдыбұлақ ауылында дүниеге келген Әбдуәли Туғанбайұлы әрдайым жібек мінезімен, кісілік келбетімен ерекшеленетін. Сұрапыл соғысты көрген. Елге оралысымен жоғары білім алып, жарты ғасырдан астам ғұмырын қазақ және ұйғыр тілін зерттеуге арнады. Түркітанушы ғалым ретінде осы саланы дамытты. Еліміз тәуелсіздік алған тұста Халықаралық «Қазақ тілі»

қоғамының құрметті президенті бола жүріп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бар күшін салды.

Әбдуәли Туғанбайұлы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Шокан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері, Түркияның «Dil Kigumi» лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі, Башқұртстан Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті болды. Латын әліпбиіне көшу жайлы алғашқы пікірді айтқан да Әбдуәли Қайдар еді. 1993 жылы «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласын жариялап, қоғамда жанаша пікір қалыптастырды.

Ә. Қайдардың ғылыми-педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, кадрлар

даярлаудағы еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, «Халықтар достығы», «Отан» және Түркияның «Құрмет нышаны» ордені, сондай-ақ 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталды. Мұстафа Ататүрік атындағы Түркия Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі атанды.

Кісілік келбеті ерекше, жүрегі жұмсақ, парасатты азаматтың есімі халқымыздың жалында мәңгі жасай береді.

Жаныңыз жәннатта болсын, Әз аға!

Jas qazaq Ұлттық басылымының ұжымы

Пікір

Осы аптада Парламент Мәжілісінің депутаттары алдында Елбасы Н.Назарбаев жаңа Үкіметтің басшысы Асқар Мәминді таныстырып, одан еліміздің өл-ауқатын нығайту үшін тың шаралар мен шешімдер қабылдауды талап ететінін жеткізді. Біз осы орайда танымал мамандар мен қарапайым тұрғындардың пікірін сұраған едік.

Айсұлу МОЛДАБЕКОВА, әлеуметтанушы:



Шындығы керек, жана Үкіметтен күтеріміз көп. Ен басты мәселе — билік пен халықтың арасын қазіргіден де жақындату керек. Өйткені мемлекеттік бағдарламалар өз алдына, өз түйткілдерін қозғаған халық жеке қалып қойды. Демек, Үкімет халыққа қарай нақты қадам жасауы тиіс. Тіпті жұртшылыққа жақындаудың арнайы жол картасын жасаса да дұрыс болар еді. Яғни кез келген министрлік, мекемелердің қызметі халықтың мұн-мұқтажымен қабысып,

олардың мәселелерін шешуге бағытталуы керек. Ал әлеуметтік сала — бір министрліктің ғана жауапты жұмысы емес. Сондықтан Елбасы айтқандай, әр министрліктің мақсаты — халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға, өмір сүру сапасының жақсаруына бағытталған жұмыстар кешені болуы қажет. «Біздің қоғамда қандай әлеуметтік мәселелер маңызды, жана үкімет қандай маңызды мәселелерге баса назар аудару қажет?» деген сұраққа келер болсақ, меніңше, ол — ең алдымен сапалы жұмыс орындарын ашу. Өкінішке қарай, елімізде жұмыспен қамту бағдарламалары көп те, жұмыс орындарын ашуда нәтиже жок. Индустриялды-инновациялық дамудың бағдарламасына сай жана кәсіпорындар ашу, басқа да бағыттарда жұмыс болғанымен, олардың тиімділігін көріп отырған жоқпыз. Жылда мыңдаған жана мамандар оқытамыз, даярлаймыз, тіпті жұмыспен қамту бағдарламасына орай оларды қайта дайындықтан өткіземіз. Алайда соның барлығы желге ұшқан ақша секілді. Оларды ары қарай жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмасақ, нақты кәсіпорындар жұмыс істемесе, онда халқымыздың кірісі, табысы көбейеді деген уәде болжам түрінде қалады. Елбасы айтқандай, экономиканы өртартапандыру, экономикаға түсетін кірісті тек қана ішкі заттан, экономикадан емес, нақты секторлардан — белгілі бір кәсіпорындардың түсімінен, пайдаға бұруымыз қажет. Сол себепті пайдалы жұмыс орындарын ашуға көңіл бөлінсе екен.

Мақсат ХАЛЫҚ, ЭКОНОМИСТ:

Жақында Қазақстанның 2025 жылдарға дейінгі стратегиялық дамуы туралы жана құжат қабылданды. Бұл сарапшылар сүзгісінен өтті. Оның бір артықшылығы осында. Мақсатымыз — айқын, бағыт-бағдарымыз — анық секілді. Бірақ құжат бола тұра, нақты әрекет жоқтығы байқалады.

Қаражат жағына келсек, ол жеткілікті. Ұлттық қорда да қомақты қаражат жатыр. Егер әр тиынды тиімді пайдалансақ, халық үшін пайдалы жобаларды тиімді іске асыра аламыз. Қазіргі басты себеп — мамандар біліктілігінің төмендігі. Екінші мәселе — көленкелі экономика. Отандық өндірістің ілгерілеуіне де бір себеп осы.

Бұл бір жағынан жұмыс орындарының тапшылығын тудырады. Егер статистикаға сүйенер болсақ, жұмыссыздық деңгейі быттыр 4,8 пайызды құрады. Әлем бойынша алғанда жұмыспен қамтылу жағынан ең озық он мемлекеттің қатарында тұрмыз. Бірақ ішкі жағдай басқашалау. Мұның барлығы «өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткендер» дегеннен шығып отыр. Онда 2,5 миллион тұрғын өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткен деп көрсетіледі. Зерттей келсеңіз, олардың көпшілігі жұмыссыздар. Осы жерде үлкен гөп бар. Біз көрсеткішті жақсарту мақсатында жұмыс істейміз де, статистика бұрмаланады.

Экономикадағы кедергілер әлеуметтік мәселелерге ықпал етпей қоймайды. Мәселен, теңгенің еркін айналымға енуі халықтың табыс деңгейі бірден түсірді. Біз ішкі нарықтағы қиындықты қазір жақсы түсініп отырмыз. Соңғы мәліметтерде жалақының өсуі, халықтың жағдайының жақсарғаны айтылады. Мәселен, орташа жалақы мөлшері — 170 мың теңге. Бірақ жалақы төлену екі түрлі жүргізіледі. Осылайша атаулы жалақы мен нақты жалақы арасында айырмашылық бар. Нақты жалақы халықтың қолындағы қаражатының қаншалықты зат сатып алуға жететіндігін көрсетеді. Алайда «халықтың төлем көрсеткіші қалай?» дегенге келгенде, өкінішке қарай, соңғы 2 жылда нақты жалақы түсіп кетті. Дегенмен быттыр 0,4 пайызға өскені рас. Ол мақтанаттындай көрсеткіш емес. Мысалы, жеке табыс салығынан 1 пайыз ғана ұстау мәселесі әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шеше алмайды. Тұрғын үйімен қамтамасыз етуде жауапкершілік Ұлттық банкке жүктелгенімен, ол негізінен Үкіметтің жұмысы болуы керек еді. Сондықтан ойланатын тұстар өте көп.

Енді «ұлттық экономика министрлігіне, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жана басшылардың келуі өмірді өзгертуге себепші бола ма?» деген сауалға келсек, жанаша жұмыс істеу арқылы бәрін өзгертуге болады. Ендігі Үкіметке артылар сенім күшті А.Мәминнің өзі әріптестері туралы «жұмыс істейтін үкімет болады» деген пікір білдірді. Лайым, солай болсын!

Фотоайғақ



ӨЖЕТ ЫҚШАМ АУДАНЫ. АЛМАТЫ

Дереккөзі: autolife_almaty

Экспорт

Басқа-басқа, біз өзімізде шығатын кондитерлік өнімдермен мақтана аламыз. Жыл сайын олардың экспорты да артып келеді. Айталық, өткен жылдың 11 айында отандық кондитерлер қанттан жасалған 93 мың тонна өнімді сыртқа жөнелтті. Жылдық өсім бір жарым есеге артып, ақшаға шаққанда 60,5 млн долларды құрады. Сондай-ақ ұннан жасалған кондитерлік өнімдердің экспорты өткен жылы 21 пайызға артып, 42 мың тоннаға (48,5 млн доллар) жетті.

Әрине, дайын өнімдер экспортының бұлайша артуы қуантады. Әйтсе де, сол өнім барған жерінде қаншалықты сұранысқа ие? Жергілікті жерде шығатын өнімдермен бәсекеге түсе ала ма? Әсіресе, Еуразия экономикалық одағы (ЕАЭО) кеңістігінде бізден баратын тауарларға көзқарас қандай? Жасыратыны жоқ, терістік

басқарма төрағасы Константин Федорец тәтті өнімдер экспортына қатысты біраз мәселенің басын ашты. Тарихы 1942 жылдан бастау алатын

«Еуразия экономикалық одағы бір елдің өнімін екінші елде сатуға ықпал етуі тиіс еді. Ал шын мәнінде олай емес. Біздің өнімдеріміз ресейлік өндірушілердің тарапынан қудалуға жиі ұшырайды».

Константин Федорецтің осы орайда өз айтары бар: «Еуразия экономикалық одағы бір елдің өнімін екінші елде сатуға ықпал етуі тиіс еді. Ал шын мәнінде олай емес. Біздің өнімдеріміз ресейлік өндірушілердің тарапынан қудалуға жиі ұшырайды».

Оның айтуынша, Ресейде «Рахат» фабрикасына қатысты наразылық тауар белгісімен байланысты. Көбіне кәмпиттің атауымен алысады. Мәселен,

«Рахат» фабрикасының өнімдері елімізді былай қойғанда, шетелдегі тұтынушыға да жақсы таныс. Мұнда 250-ден астам өнім шығарылады. 2016 жылдан бері экспортқа жіберетін өнімі жылына 1 пайызға өсіп отыр. Федорец мырзаның айтуынша, бұл

«Зайка-ззнайка» «Зайка»-ға ұқсас, «Зеленый кузнечик» «Кузнечик», ал «Рачки» құлды «Ракушка-завитушка» деген сияқты болмайтын сылтаумен титықтатады. Нәтижесінде ресейлік өндірушілер қайталай алмайтын атауы қазақша өнімдерге ғана жол ашық. «Бір

Константин ФЕДОРЕЦ:

БЕЛДЕН БАСЫП ОТЫР

— тәуір көрсеткіш. «Алайда біз осы көрсеткіштің одан да жоғары болғанын қалар едік» дейді ол. Фабрика экспортының 59 пайызы Ресейдің үлесінде. Екінші орында Қырғызстан — 19 пайыз. Сондай-ақ Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан және Монғолияға жөнелтілетін өнім көлемі жыл сайын көбейе түсуде. Ал Ресейге жіберілетін экспорт көлемі керісінше, төмендеп келеді. Мәселен, өткен жылы 2 пайызға кеміпті. Бұған терістік көршіміздің өз өндірушілерінің мүддесін көбірек күйттейтіні себеп.

Ресейлік кондитерлердің бізге қарсы күресі торғайға зәңбірекпен оқ атқанмен бірдей. Өйткені «Рахат» фабрикасының Ресейдегі үлесі бір пайыздан аспайды.

көршіміздің санитарлық нормаларды сылтауратып, біресе ет пен күс етін, біресе жеміс-көкөністі өткізбей қоятыны бар. Енді кондитерлік өнімдердің сатылуына да кедергі жасайтыны белгілі болды. Осы аптада Алматыда өткен баспасөз мәслихатында «Рахат» кондитерлік фабрикасының

«Меніңше, мұндай шөктен шығудың, тіпті шегі жоқ сияқты. Біз ондағы жергілікті билікпен үнемі төжікелесіп жатамыз. Олар дүкендегі біздің бүкіл өнімді сатылымнан алып тастайды. Соның нәтижесінде дүкен қожайындары бізбен байланысы жөнінде ойлануға мәжбүр»

жақсысы, Ресейде оларға қарсы уәж айта алмайды. Әйтсе де, менінше, мұндай шөктен шығудың, тіпті шегі жоқ сияқты. Біз ондағы жергілікті билікпен үнемі текетіреске түсеміз. Олар дүкендегі біздің бүкіл өнімді сатылымнан алып тастайды. Соның нәтижесінде дүкен қожайындары бізбен байланысы жөнінде ойлануға мәжбүр», — дейді фабрика басшысы.

Сондай-ақ, терістік көршіміздегі заңгерлер Германия және Беларусьте де «Рахаттың» өнімдеріне қарсы «майдан» ашқан көрінеді. «Келісімге келуге әрекет те жасалды. Кезінде қазақстандық және ресейлік тараптан кондитерлік компания басқарушылары жұмыс істеді. Сол кезде өзара түсіністікке келген едік. Ал компаниялардың акционерлері мен басқарушылары өзгерген соң ол келісім күшін жойды. Ресейлік кондитерлердің бізге қарсы күресі торғайға зәңбірекпен оқ атқанмен бірдей. Өйткені «Рахат» фабрикасының Ресейдегі үлесі бір пайыздан аспайды. Оның үстіне нарықта басқа да ойыншылар бар». Сондықтан Федорец мырза «Біздің органдар да қалыс қалмауы қажет» деген пікірде.

«Әрине, Ресей аумағында біздің мемлекет әрекет ете алмайды. Бірақ еліміздегі мемлекеттік органдар омбудсмен қызметін орындай алады. Тамақ өнімдерінің құрамына қатысты Кеден одағының регламенті бар. Ал «Рахатқа» келсек, біз шикізатты осы регламентке сай сатып аламыз. Біз талдау жүргіздік: бәрі бірдей бұл регламентті сақтамайды. Бірақ мен келтірген дәлелдерді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан ондай талдауды мемлекет жүргізсе деген тілегіміз бар. Тіпті соның ақысын төлеуге дайынбыз. Қазір ауыл шаруашылығы министрлігі сөзімізге құлақ асып отыр. Денсаулық сақтау министрлігімен диалогты енді бастадық. Бірақ қазір олардың өз шаруасы бастан асады. Әйтсе де, сол өнімдерді біздің балаларымыз жейді емес пе?», — дейді Федорец мырза. Өнімі жарнаманы қажет етпейтін фабрика басшысының жанайқайына ұлттық экономика министрлігі қандай жауап айтар екен?

Гүлнар АХМЕТОВА

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

ОТАНДЫҚ КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІНІҢ ЭКСПОРТЫ (2018 жылғы қаңтар-қараша)

	мөлшері (тонна)	мың доллар
Қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	93 037,4 60	521,8
ТМД елдері	91 890,7	58 968,4
Өзбекстан	54 487, 7	25 257,2
Ресей	29 559,2	26 404,2
Қырғызстан	4 532,9	4 507,3
Тәжікстан	2 505,1	1 745,3
Әзірбайжан	655,9	857,2
Армения	81,3	92,9
Беларусь	51,0	77,0
Украина	16,2	22,3
Түркменстан	1,3	5,0
Өзге елдер	1 146,8	1 553,3
Қытай	602,9	750,5
Моңғолия	266,5	321,4
Ауғанстан	113,1	195,7
Германия	92,2	161,7
Грузия	56,9	65,7
Гана	14,5	56,4
Түркия	0,6	0,1

ЕАЭО

Ресейдің жаңа салық ережесіне қатысты еліміз Еуразия экономикалық комиссиясына өз наразылығын білдірді. Бұл туралы Tengrinews.kz порталындағы интернет-конференцияда қаржы министрлігіне қарасты мемлекеттік кіріс комитетінің төрағасы Марат Сұлтанғазиев мәлімдеді.

САЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТҮЙТКІЛ


Бұған Ресейде қосымша күн салығын төлеу ережесі өзгертілгені себеп. 2019 жылдың 1 қаңтарына дейін электрондық контент сатумен айналысатын шетелдік компаниялар үшін клиенттер төлесе, биылдан бастап кәсіпкерлер өздері төлеуге мәжбүр. Ал Ресейдегі қосымша күн салығының мөлшерлемесі бұрынғыдай 18 емес, 20 пайыз. Шетелдіктердің электрондық қызмет бойынша қолданатын есеп мөлшерлемесі — 16,67 пайыз.

Мемлекеттік кіріс комитеті төрағасының айтуынша, Еуразия экономикалық комиссиясының ережесіне сәйкес, қосымша күн салығы сияқты жанама салық қызмет көрсетілген елдің бюджетіне төленуі керек. Жанама салық мөлшерлемесін, оны төлеу және салық жөңілдігін беру тәртібін де сол мемлекет белгілейді. «Сондықтан қазіргі уақытта электрондық



формада қызмет көрсету орнын анықтау кезінде түйткіл туындамас үшін Еуразия экономикалық комиссиясына хат жөнелтілді», — дейді М.Сұлтанғазиев.

Инфографика



Дереккөзі: Baq.kz

Өмірдің өзінен

Сағыздай созылған сары таң бір жерге байланып қалғандай. Жата-жата жамбас та тесілгендей. Терезеден көше шамының әлсіз жарығы ғана жанына алданыш болғандай. Күн мен түннен жаңылғалы қашан? Орнынан сүйретіліп тұрып, теледидарды қосты. Шикылдаған, кикылдаған ессіз музыка, есер ән. Өшіріп тастайын деп бір ойлады. Содан кейін, теледидардың ашы дауысын басып, пәтер іші алакөленке болып тұрсын деген оймен «көк қобдишаны» өшірмеді. Сөйтті де, тағы да сүйретіліп келіп, төсегіне қисайды. Аяқ жағында өзі сияқты екеу жатыр. Олар да «тірі өлік». Біреуін теуіп еді, сезер емес. Кескен теректей сұлап жатқан беті. Екіншісі бос бөтелкені құшақтай құлапты. Үстелдің үстінде адам көргісіз... темекі тұқылы мен тамақтың қалдығы, сіріңкенің қабынан шашылып қалған әппак ұнтақ...

Қашан таң атады? Бұның кеуіп жатқан кенезесіне, күйіп ісінген жүрегіне кім «дәрі» береді? Өн мен түстей болған мына түннен кім келіп, қашан құтқарады? Қалың ойға күйдай батып жатып, теледидарға көзі түсіп кетті. Біреуді көрсетіп жатыр. Көзі бұлдырлап бара ма? Зілдей ауыр басын әрең көтеріп, экранға үңілді.

Шырамытқандай, танығандай болды. Өзі ғой, мынау! Тура өзін көрсетіп жатыр. Міне, қызыл кілеммен жүріп барады. Үстінде шыттай жана қызыл-сары кәстөмі бар... Қасында шетелдің белгілі әртістері...

ТАЛАНҒАН ТАҒДЫР

Жұрт қошемет көрсетіп, біреулер қолтанба алып, біреулер суретке түсуде. Бұл кәдімгі әртістердей пан қозғалады... «Міне, мені қарандар! Тұрындар! Мені көрсетіп жатыр» деп, тар бөлмеде талып ұйықтап жатқан қасындағы екеуді жұлқылады. Біреуі зорға дегенде басын көтерді. Бір көзін әрең ашып қарады. Екіншісі басын кесіп тастасаң да мыңк етер емес. Әлгі көзін ашып-жұмғаны теледидарға — бір, бұған бір қарап, орнынан тұрды. Тұрды да, ол да сүйретіліп теледидардың алдына барды. Үңіліп тұрып қарады. Құлағын тосып тыңдады. Сосын, бұның жүзіне үрке, шошына қадалып, басынан аяғына дейін шолып шықты. Жаңа ғана көргендей тіксініп:

- Сені көрсетіп жатыр ма? — деді.
- Иә, мен ғой!
- Сен кімсің? — деді көзін аша алмай тұрған анау.



- Мен Тимурмын! *(Дауысы қатайып, жарықшақтанып шықты)*.
- Тимур Айдарбеков дейді. Сен әртіссін бе? Киноға түскенің шын болды ғой, досым? — деп, анау мұны жана көргендей күй кешті.
- Сендерге не айтып жүрмін? Мен әртіспін. Әртіс болғанда да танымалымын. Қазақстанға ғана емес, бүкіл шетел танилды мені, — деп бұл ұзақ әңгімеге ауыспақшы еді. Анау қолын бір сілтеді. Токта — дегені.
- Кешір, Тимур! Басқа әңгімелерінді күнде айтып жүрсін. Қайталамай-ақ қой! Одан да қаным кеуіп бара жатыр. Искейтің бе, құатын ба, бірдеме тапшы, — деп жалбыраған шашын қолымен қайырып, басын шеңбектей құлады.
- Сондай зәһарым болса, ине жұтқандай иіріліп жатпас едім ғой, — деді өзін әртіспін деген бұл.
- Детдомға барайықшы. Жанар апай тамақтың қалдығы болса да, қарнымызды бір тойдырады, — деді, басын құшақтап жатқан екіншісі.
- Қандай детдом? Сен Алматыдасың, — деді бұл.

Олар — 20-21 жас шамасындағы жігіттер. Тепсе темір үзетін шақтары. Бірақ бойларынан жанып тұрған от, лапылдаған жігер байқалмайтындай. Тараздағы балалар үйінде өсті. Көмелет жасына толып, балалар үйімен қоштасқалы да біраз жыл. Қазір Алматыда, қаланың бұрыш-бұрышында қаңғып жүр. Үшеудің ішіндегі жаңа ғана өзін теледидардан таныған талдырмаш жігіттің тағдыры қызықты әрі қиындау. Көгілдір экрандағы бейнеге қарап жатып, өзінің өмір жолы кино лентасындай көз алдынан сырғып жатты...

БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Ол кезде Тимур небары 6 жаста еді. Балалық шағы қам-қайғысыз өтіп жатқан. Бірақ анасы күнде кешке үйге арақ ішіп келетін-ді. Сосын кіп-кішкентай Тимурды

құшақтап алып өкіріп жылайды. «Сенің әкең ит қылды мені» деп, кішкентай Тимурды ұрады. Бұлдан үлкен әпкесі мен ағасы бар. Олар мектепте оқитын. Әкесін көрген емес. Шешесі күні бойы үйде болмайды. Жұмысқа кететінін бала жүрегі сезеді. Бірақ неге мас болып қайтатын түсінбейді. Ал ағасы мұны күнде ертіп алып, Тараздың қуыс-қуыс көшелерінің бәрін аралайды. Өздері сияқты балалармен ойнайды. Сөйтіп жүргенде, күндердің бір күні бұлардың өмірі құрт өзгерді. Анасы жұмыстан келген. Тағы да удай мас. Қасында бір құрбысы бар. Екеуі таңға дейін арақ ішті. Бұл ойын баласы болған соң ара-арасында жандарына барады. Олар сіріңке қорабынан үн сияқты әппак ұнтақты үстелге төгіп, ара-арасында соны иіскейді. Иіскейді де басқа әлемге кіріп кеткендей, мына дүниемен қоштасқандай тыныш күйге енеді. Тимур бұрын да анасының осы бір әппак ұнтақты танауына құйып, талықсып жатқанын талай көрген. Бірақ бүгінгісі бөлектеу. Сіріңкенің қорабын жиі ашып, қазандай басын үстелге қайта-қайта сала береді, сала береді.

Таң ата әпкесінің дауысынан шошып оянды. Қараса, анасының аузынан

ТАЛАНҒАН ТАҒДЫР

әппак көбік бүркырап, көзі шарасынан шығып, қорылдап жатыр екен. Бұл ұйқылы-ояу, шешесіне не болғанын түсінбей, шырылдап жылап жүр. Жүгіріп барып құшақтап еді, ағасы мен әпкесі мұның кеудесінен итеріп жақындатпады. Түнде қасында болған құрбысы да көрінбейді. Кетіп қалған сияқты. Бір кезде дәрігерлер келді. Олардан кейін үйді полицейлер басып қалды. Анасы ас үйде жатқан. Балаларды басқа бөлмеге кіргізіп, анасы жатқан жерге ешкімді жақындатпады.

Сол күннен кейін бұл анасынан мәңгі айырылды. Қанша сағынса да, қанша түн шешесін күтіп жыласа да, тілегі орындалмады. Өйткені, анасы сол түні көз жұмыпты. Оны кейін білді. Ол кезде әпкесі бойжетіп қалған студент қыз еді. Ағасы — көше төбелесіне жарап қалған бозбала. Анасы көз жұмған соң бұлар өз беттерімен күн көрді. Бірақ Тимурды ағасы ертіп алып, көше бұзақыларымен бірге ұрлық-қарлық жасай басталы. Біреудің жайып қойған киім-кешегін, біреудің үй жанында тұрған велосипедін ұрлады. Қысқасы, қолына не ілінсе, соны алып кететін болды. Сөйтіп жүргенде,

ағасы біреудің үйін тонаймын деп ұсталып қалды. Полицейлер оны қолына көзір салып алып кетті. Ол содан қайтып оралмады. Тараздағы түрмелердің бірінде жатқанын әпкесі айтқан. Бар білері сол ғана. Бұл жалғыз қалды. Мектепке барды. Бірақ есіл-дерті — ұрлық.

Жалғыз жортатын. Бауқеспе балаға айналды. Әпкесі мұның жаман әдетінен мезі болғаны соншалық, бір күні балалар үйіне әкелді де өткізіп жіберді. Сол күні ол өзінің туған әпкесін қатты жек көрді. Тіпті қоштасып, бетінен сүйгенде кеудесінен итеріп жіберді. Содан бастап Тимур балалар үйінде тәрбиеленді. Бұрын еркін, ерке, айтқанын орындататын бала еді. Оның бәрі үйінде қалыпты. Қырсығамын деп апайларынан естен кетпес «сыбаға» алды. Бұрынғыдай ойына келгенін істей алмайтын болды. Көңіліне қарайтын ағасы, сөзін сөйлейтін әпкесі жоқ. Жалғызсырады. Әпкесіне «Алып кет» деп талай жалынып көрді. Ол мұның тілегін орындамады. Бара-бара бұның мінезінде қаталдық пайда бола бастады. Бұрынғыдай біреу қатты сөйлесе жылай салмайды. Қасқырдың бөлтірігіңдей қасқайып тұратын, кекшіл болып бара жатты.

БАЛАЛАР ҮЙІНЕН БАСТАЛҒАН ӨМІР

Балалар үйіндегі суық та, қатал, сүркейлі күндер жалғасып жатты. Сөйтіп, арада бірнеше жыл өтті. Бір күні балалар үйіне жүзі жылы біреулер келді. Тәрбиешілері бірнеше баланы әлгілерге алып кіріп, таныстырды. Олар бірден Тимурды әңгімеге тартты. Мұның сүйкімді жүзіне қызықты ма, әлде баланың бойынан іздегенін тапты ма, әйтеуір бұған кенедей жабысты да қалды. Күнде келіп тұратын болды. Тимурды балалар үйінен алып шығып, көше аралатып, киім алып берді. Қарнын тойғызып тамақтандырды. Сөзге тартып, оны-мұны сұрап, көп сөйлететін болды. Аяқ астынан басталған қамқорлық бала жанына майдай

MAZASUZ MÝİİS

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

жақты-ау деймін. Тіпті әлгі жылы жүзді жандардың жолын күтетін болды. Бір күні олар шаруаларының жайын айтты. Сөйтсе, әлгі қамқор жандар Қазақстанға белгілі режиссерлер екен. Бір үлкен кино түсірмекші көрінеді. Соған басты рөлге бала іздепті. Тимурды лайық көрген.

Бұл 2012 жыл болатын. Ол кезде Тимур 14 жаста еді. Әлгі режиссерлер баланың бойындағы талантты байқапты. Сөйтіп, бір-ақ күнде балалар үйіндегі бұйығы, тұйық бала кино әлеміне топ ете қалды. Алғашқы түскен картинасы «Уроки гармонии» *(«Үйлесім сабағы»)* деп аталатын Әмір Байғазин деген режиссердің фильмі. Түсірілім жұмыстары Тимурға да, баламен жұмыс істеген киногерлерге де қиындық тудырмаған. Керісінше, олар бозбала Айдарбековтың шынайылығы мен әртістік қабілетіне тәнті болады. Time.kz сайтына

ашқаны сәт сол уақыт еді. Бірақ балалар үйінде өскен бозбала оны түсіне алмады. «Жұлдыз ауруына» шалдыққан жоқ. Бірақ өмірге деген өкпе-реніш қанына сіңіп кеткен ол ұрлығымен де, көшедегі қаңғыбас өмірімен де қоштаса алмайды. Екінші картина жас актерге қиын соқпаған. Өйткені, Тимур картинада өзін ойнайды. Қаңғыбас бала, көше өмірі, ұрлық-қарлық...

БЕТКЕ ТҮСКЕН ТАҢБА

Өң мен түстің ортасында жатып 21 жастағы жас жігіт «жұлдызды» шақтарын түгелдей көз алдынан өткізді. Алты жасында анасынан жетім қалып, балалар үйіне келген кезін, киноға түсіп жас актер болған қызықты күндерін, «жұлдызға» айналған жылдарын, бәрі-бәрін есіне алды.



берген сұхбатында кинорежиссердің бірі — «Тимур өз рөлін жақсы алып шықты. Өзін еңбеккор, шыдамды етіп көрсетті. Оның ой-өрісі де жоғары деңгейде еді» деп айттыпты.

2013 жыл. Жас әртіс түскен картина Берлиндегі Халықаралық кинофестивальде Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Күміс аю» жүлдесін жеңіп алды. Ал Тимурдың өзі «Үздік ер адам» рөлі үшін «Алтын мүйіз» сыйлығын иеленді. 15 жастағы бозбала. Қызыл кілемнің үстінде алшаң басып барады. Үстінде қымбат кәстөм. Жұртқа қолтанба таратып, сұхбат берген сәті.

«Алтын мүйізді» алғаннан кейін кино мамандары Тимурды балалар үйіне жібергілері келмейді. Оған тұрақты айлық төлеп, тіпті тұратын пәтер алып береді. Бозбала әлгі пәтерде дыбыс инженермен бірге тұрды. Алайда бір күні пәтер тоналады. Дыбыс инженері ұрлықты Тимурдан көреді. Жас әртіс оны мойындамай, балалар үйіне қашып кетті. Тимурды жаңа өмірге бейімдегісі келген кино мамандары «Біз ұрланған заттарды қалпына келтірдік. Тимурды іздеп таптық. Сонда түсіндік, ол біздің қамқорлықты түсінбейді екен. Ол солай балалар үйіне қайтып оралды. «Суық қол кәсібін» қайта жалғастырды» дейді.

«СЫНҒАН ЖҰЛДЫЗ»

Әңгіме мұнымен бітпеген. Ұры баладан әртіс жасаған жандар оны екінші фильмге шақырды. «Жараланған періште» деп аталатын картина. Тимурға басты рөлдердің бірі берілді. Оны да сәтті ойнап шықты. Францияда

Тимур түскен киносының тұсаукесері болып жатса, Қазақстанда әртіс бала әр жерде қашып-пұшып ұрлық жасап жүрді. Бұл кезде Тимур Таразда нашакорлардың ортасына түсіп кеткен болатын. Бірақ кинодағы рөлін ойдағыдай ойнап шығады. Картина аяқталғаннан кейін ол баяғы өміріне қайта оралды. Оған қамқор болып жүрген жандардың бірі «Мен оны түсінемін. Оның өмірге деген қызығушылығы жоқ. Ол бір күндік өмірмен ғана жүреді. Менің ойымша, оны өмір сындырды. Балалар үйі құртты. Балалар үйіндегі қаталдық, айыптау осының барлығы оған әсер етті. Бұл Тимурға сабақ болмайды. Керісінше, бізге сабақ болды. Ол тауға қарап ұлитын қасқырдың бөлтірігі сияқты. Қанша асырасаң да адам болмайды. Балалар үйін, сол жеңіл өмірді сағынып тұрады» деп әлдебір басылымға сұхбат беріпті.

Әмір Байғазиннің Тимур қатысқан екінші фильмінің тұсаукесері 2016 жылы Берлин халықаралық кинофестивалінде өтеді. Оның кино әлеміне үлкен жолы

Ал мына жатысы не? Жанып тұрған жігері қайда? Кинодағы сұрапыл бозбала Болат қайда? Неге мұндай боркемік болды? Неге мына өмірді жек көрді? Алматының қысқы таны да сағызша созылып кетті-ау!..

Жас жігіт көрер танды көзімен атырды. Содан кейін қасындағы екі «тірі өлікті» сүйрелеп жүріп әрең оятты. Олар көшеге шықты. Қалта қаңылған. Бас «сынып» тұр. Қайда барарын білмей, біраз уақыт менірейіп тұрды. Содан кейін, көшенің арғы бетіндегі бір дүкенге келді. Кірді. Біреуі дүкеншіні айналдырды. Тимур осы сәтті пайдаланып, тоқ көзіне қосылып тұрған ұялы телефонды ілді де кетті. Ұрлық затты көп ұстамайтын әдеттері бар. Көкбазарға тартты. Сол жерде әлгі қымбат ұялы телефонды 20 мың теңгеге сатты. Ақшаны қалтасына басып, базардың екінші жағымен күстай ұшып бара жатқандары сол еді, қарапайым киінген төрт жігіт бұларды тартпа бас салды. Қарсыласуға қауқар жоқ...

Сөйтіп, кино әлемінің ең жас жұлдызының бірі бір-ақ сәтте сөнді. Бұларды ұстағандар қарапайым киінген сакшылар екен. Тимур Айдарбековтың үстінен бірнеше адамнан арыз түсіпті. Алматы қаласы Өуезов аудандық полиция бөлімінің бастығы Дидар Аханов журналистерге берген сұхбатында «21 жастағы күдіктіге бірнеше азаматтан арыз түскеннен кейін, біздің бөлімше қызметкерлері күдіктіні ұстады.



Ол негізінен көбінесе көмелетке толмағандарды алдап келген. Мәселен, 15 жасар балаға бейнежазба көшіріп алу үшін ноутбугін сыртқа алып шығуға көндіріпті. Сөйтіп, ноутбукті алып қашып кеткен. Оны 15 мың теңгеге сатады. Тағы бірде күдікті жасөспірім қыздың ұялы телефонын алдап алып кетіпті. Оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «алаяқтық әрекеті» туралы 190-бабының 2-бөлігі бойынша тергеу амалдары жүргізіле бастады», — деп түсінік берді.

Айтпақшы, Тимур Айдарбеков соңғы уақыттары бетіне «Не вижу смысла» деген жазу жаздырып алыпты. Бұзақы баланы тұтқындаған полицияның іздеу қағазында жас әртістің тәніне түскен сол таңба жарқырап тұрды. Бұларды тұтқындаған сакшының бірі «Балалар үйінен шыққан мұндай шіріктердің қоғамға зияны тимесе, пайдасы жоқ» деп жатты.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(Кадрлар «Үйлесім сабағы» фильмінен алынды)



www.jasqazaq.kz

OLKE

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шаңырақ

Қазақстан – тыныштық пен келісімнің құтты мекені. Мұны еліміздегі өзге ұлт пен ұлыс өкілдері де жоққа шығармайды. Осы орайда, Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалы жанындағы «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова ханыммен сұхбаттасқан едік.

Жас qazaq: Светлана Зунынқызы, өмірде көпті көрген анасыз. Казакстан Халқы ассамблеясын құру идеясы қолға алынғаннан бастап, бүгінгі қоғамдық институтқа айналуына дейін бір кісідей енбек еттіңіз? Ендеше, Отан деген ұлы ұғымды қалай бағалайсыз?

С.Гаитова: Тәуелсіздік – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Әлемде 2 мыңға тарта ұлт болса, соның 200-ден астамы ғана тәуелсіз мемлекетінде өмір сүруде. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзенгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – құл, қызым – күн» болмасын деп дарқан даламыз үшін шайкасты. Бүгінгі бейбіт күн, сөз жоқ, ұзақ жылғы күрестің жеңісі. Осындай қым-қуыт қиыншылықтың нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздіктің қадірі құнды.

Біздер – казакстандықтар өзімізді бақыттымыз деп айтуымызға құқымыз бар. Себебі сан ғасырлар бойы елі мен жерінің азаттығы үшін күресіп, ұрпақтарына аманат етіп қалдырған қасиетті қазақ топырағында тату-тәтті ғұмыр кешіп келеміз. Асан қайғы бабамыз желмаясына мініп, жаннат жер іздегені туралы аңыз бар. Сол жерұйықты осы қазақ даласынан тапқан екен. Ал бүгінде Қазақстанды мекендейтін барша ұлт пен ұлыс өкілдері осы жердің бел баласы.

Отан деген ортақ жерімен, шекарамен болмаса қандай да бір заң жиынтығымен ғана өлшенбейді. Менің пікірімше, Отан – ортақ



рухтың бірлігі. Мақсатымыз, мүддеміз бір болса, Отан алдындағы жауапкершілігіміз де бір ұғымда түйіседі. Сондықтан алға жылжудың, бірлесе күрес жүргізудің басты шарты – патриотизм. Отан мүддесін, ел жайын өзінің жеке басынан биік қоя білген адам ғана өзін нағыз патриотпын дей алады.

Жас qazaq: Еліміздегі көптеген ұлттың өз мемлекеті бар. Алайда олар Казакстанды Отанымыз деп санайды. Тағдырын еліміздің келешегімен байланыстырады. Оның себебі неде?

С.Гаитова: Мемлекет басшысы бір сөзінде: «Өз жерінде, өз елінде жүріп қазақтай зардап шеккен ешқандай халық жоқ» деген еді. Тарихқа көз жүгіртсек, осы ұлан-ғайыр даланы сақтау үшін қазақ баласы тағдырдың тезіне, өлімнің өзіне барды. Қазіргі қазақ елінің әр төбесінде, әр тасында, әр ауылында, әр адамының жүрегінде сол қиындықтар салған жаракаттың ізі бар. Сондықтан қазақ халқы ешқашан басқалардың өміріне сондай жаракат салғысы келмейді. Қайта акпейілділігімен, қонақжайлылығымен барлық ұлтты бауырына тартып, тыныш тіршілік етуіне мүмкіндік берді.

Елбасының Ассамблеяның кезекті бір сессиясында: «Біз жеріміздегі бейбітшілік пен келісімге үйреніп кеткеніміз сондай, оны күнделікті жутып жүрген ауа сияқты аңғармайтын болғанбыз» деген еді. Расында, шетелде біздегі татулықты «Қазакстандық керемет» деп қабылдайды. Кой үстіне боз торғай жұмыртқалаған осындай жерге кім қызықпайды, кім жанымен сүймейді?!

Қазакстаннан Алманияға көшіп кеткен жерлестеріміз жайлы мынадай әңгіме естігенім бар. «Бірде кіп-кішкентай кыз мектепке енгіге жүгіріп кіріп,

шешесіне неміс тілінде: «Шеше, біздің қалада Домбыра! Домбыра! Жүр барып тындаймыз» деп айкай салған көрінеді. Сонда көптеген адам жұмысын қоя салып, қыздың бағдарлаған жағына барады. Осылайша, туристік максатта жүрген казакстандық автобустың ішінде ойнап тұрған казак музыкасын тындап, бір жасап қалған екен. Бұл Казакстанда туған сәбидің казак жеріне, оның өнеріне деген сүйіспеншілігін, жүрегіне сағынышы мен махаббатын көрсетеді. Менінше, казактың қонақжайлылығын көріп, ұлттық тағамдарынан дәм татқан, ән-күйін тындап, еркіндікке еміреніп өскен әрбір адам казак жерінің қасиетін ұмыта алмайды. Осындай кең-байтақ жерде, кең көсіліп өмір сүріп жатқан өзге ұлт тұрғындары үшін бұдан артық берекелі жерді, пейілі кең елді қайдан тапсын! Сондықтан Казакстанда туған, өскен әрбір азамат ешқашанда елінің ұлылығынан алыстап кете алмайды.

Жас qazaq: Казакстан бүгінде әлем елдерінің арасында береке мен бірліктің, ынтымақ пен бейбітшіліктің елі ретінде бағаланып жүр. Осының түпкілікті себебі неде?

С.Гаитова: Түрлі тарихи жағдайға

ТЕГІ БАСҚА, ТІЛЕГІ БІР

байланысты қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол – Қазақстанның көпұлтты мемлекет екендігі. Бүгінде мұнда 130-дан астам ұлт пен ұлыстың, 48 әлемдік діндердің өкілі тіркелген. Осының нәтижесінде Казакстанда өзге ешбір мемлекетте жоқ ұлтаралық қатынас қалыптасты. Жасыратын несі бар, бүгінде әлемнің көптеген мемлекеттері ұлтаралық береке-бірлігімізге қызығушылықпен

емес, қайта қазақ жерін мекендейтін барлық ұлттардың алансыз, өз мүмкіндіктеріне сай өмір сүріп, еңбек етуіне жағдай жасаумен бастады. Соның алғашқы көрінісі ретінде Қазақстан Халқы ассамблеясы дүниеге келген болатын. Елімізде ұлттық мектептер ашылып, театрлар өркен жайды, газеттер шығып, Достық үйлері салынды. Соның жанынан этномәдени орталықтар құрылып, өзге ұлт пен ұлыстың мәдениетін, өнерін, тілін өркендетудің жаңа жолы қалыптасты. Басқасын айтпағанның өзінде, бір ғана Алматы облысында 24 этномәдени орталық құрылып, осы өңірдегі барлық мерекелік іс-шара, оқу орындарында өтетін сынып сағаттарына, тағы да басқа шараларға қатысып, береке мен бірліктің, татулық пен теңдіктің жарқын үлгісін жалпақ жұртқа жария етіп келеді.

Жас qazaq: Жасыратыны жоқ, сіз ұйғыр ұлтының өкілісіз, бірақ қашанда мемлекеттік тілге жанашырлық танытып жүресіз.

С.Гаитова: Казакстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі баршаға белгілі. Солай бола тұра, казактар мемлекеттік тілді білмегені үшін ешкімді қудалап, жұмыстан шығарып жатқан жоқ. Ұлттық мектептер, орыс тілінде білім беретін оқу орындары жетерлік. Кез келген жас өркен қай тілде бітім аламын десе – өз еркі.

Бір деректерге сүйенер болсақ, казактың тілі өзінің әуесін, бітім-болмысын сақтап келген әлемдегі санаулы тілдің біріне жатады екен. Осындай бай тіл әлемге Абай, Шөкәрім, Лияс, тағы да басқа даналарды сыйлады. Олар қалдырған мұра жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кірген. Сондай-ақ біз қазақ тілін меңгеру

арқылы әлемдік мәдениетке жақындай түсеміз. Біз Қазақстанды Отанымыз деп есептейді екенбіз, онда оның тарихына құрметпен қарап, халықтың тілін де меңгеруіміз керек.

Мен сан ғасырлық тарихы, өзіне ғана тән салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті бар ұйғыр халқының өкілімін. Мен ғана емес, бір ғана Алматы облысының өзінде жүзге тарта ғылым кандидаты, 30-дан аса ғылым докторлығын қорғаған ұйғыр азаматтары бар. Мұнда 12 аралас, 7 ұйғыр мектебі 7 ұйғыр мектебі балғындарға білім беріп келеді. Өз ұлтымды біліп, өз тілімде сөйлей аламын. Қандай шаруамен айналысам десем де кедергі жоқ. Өз басым қазақ халқының іргелі ұлт болып, өз салт-дәстүрін жаңғыртуын қалаймын. Өйткені, мемлекетті құраушы ұлт бақытты өмір сүргенде ғана, өзге ұлт өкілдері әрбір істен нәтиже шығара алады. Демек, біз қазақ ұлтының өркендеуі арқылы өз байырғымызды толыққанды сезінеміз деп ойлаймын.

Жасыратыны жоқ, алғаш тәуелсіздік алған жылдары қазақша да, ұйғырша да білмейтінмін. Бірақ өзіме мемлекеттік тілді де, өз ұлтымның тілінде білуім керек деген мақсат қойдым. Сол мақсат бойынша курстарға бардым, сырттай үйрендім, сол арқылы тілдерді жетік меңгердім. Басқа да шетел тілін білемін. Қазір қандай ортада болса да, тілден қиындық көрмеймін.

Егер адам өз ұлтын сүймесе, ол басқа ұлттарға құрметпен қарай алмайды. Мен қазақ тілінің жанашыры болып келемін. Жасым 70-ке таяған шақта мемлекеттік тілді үйрету курсына қатысып, білімімді тереңдеттім. Осы арқылы Абайдың кара сөздерін, Лиястың өлеңдерін, Мұқағалидың мөлдір жырын өз тілінде оқып-тануға мүмкіндік алдым. Бұдан ұтпасам, ұтылмағаным ақиқат. Тіпті кейінгі кезде өзге ұлт акындарының өлеңдерін қазақшаға аударып, аудармамен де айналысып жүрмін. Мысалы, татар ұлтының ақыны Гриф Хайруллиннің бірнеше өлеңін қазақша сөйлеттім. Бұл оқырмандар арасында қызу қолдау тауып жүр. Тіпті кей кезде өзім де қазақша өлең жазумен айналысамын. Осы ретте сиясы кеппеген мына өлеңімді оқып жіберейін.

*Мемлекеттік тіліммен мақтанамын,
Түркі тілдің ішіндегі асыл тас.
Қазақша сөйлеп тұрып шаттанамын,
Жол тапқан соң жүрекке ел бір тұтас.*

*Ана тілім – ұйғырша көзімді аштым,
Орыс, неміс тілін де меңгергенмін.*

*Қазақстан елім деп – қадам бастым,
Арқаланып бар ұлтты тең көргенім.*

*Ата мұра, салт-дәстүрдің сақшысы,
Қазақтың топырағында жаратылған.
Айтты, терме-жырлардың тіл патшасы,
Кең даламнан күш-қуат нәр алғанмын.*

*Қазақ тілі – кепілі бірлігімнің,
Діні, түрі алуан бір халықтың.
Ынтымағы жарасқан тірлігімнің,
Өзіңмен бірге жасап рухым мықты.*

Айта берсем, мұндай өлеңдерімнің өзі бірталай болып қалды. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы тарапынан шыққан «Әнім сенсің – Астана» атты жыр және әндер жинағына біраз туыным енді. Бұны жай айтып отырған жоқпын. Міне, он жылда таза сөйлеу былай тұрсын, қазақша өлең шығарып, аударма жасауға дейін жеттім. Сондықтан барлық этнос өкілдеріне және орыстілді қазақ жастарына ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгеріп, сосын ел үшін еңбек етудің керектігін айтқым келеді.



Жас qazaq: Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін аз еңбек жасалмады. Оның басы-қасында өзіңізде жүрдіңіз. Тіпті этнос өкілдерінің де үлес мол болды. Сол естеліктерді бөлісе отырсаңыз?

С.Гаитова: Еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары ұлтжанды азаматтар қазақ тілін қалпына келтіру жолында көп жұмыс атқарды. Солардың ұсынысымен 1991 жылы ұлттық мәдениет орталықтарының қауымдастығы құрылды. Ол кезде елде түрлі партиялар, қоғамдық бірлестіктер көп болғанын білесіз. Соған қарамастан, қауымдастықтың президенті етіп Василий Осиповты, вице-президенттікке ұйғыр ұлтның өкілі ретінде мені сайлады. Бұл да қазақ халқының кеңдігі мен даналығын дәлелдесе керек. Әйтпесе, өздерінің біреуін сайлап алып, өздері жұмыс жасауға да мүмкіндігі бар еді. Жоқ, олар қазақтың тілін, салт-дәстүрін, мақал-мәтелін жақсы білетін Василий Осиповты және ешкімді бөліп-жармай, баршаға бірдей қарайтын маған сенім білдірді. Сондықтан біз барлық күш-жігерімізді салып, халықтың көңілінен шығу үшін еңбек еттік.

Жас qazaq: Сіз «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің басшысы ретінде белсенді жұмыс істедіңіз? Сонымен қатар «Ұйғыр» мәдениет орталығын да басқардыңыз? Осының барысында қаншалықты нәтижеге жеттіңіздер?

С.Гаитова: «Ұйғыр» мәдени орталығы 1995 жылы құрылды. Ең алдымен, ұйғыр ұлтының рухани дүниесі мен тілдік ерекшелігін түгендеуге баса мән бердік. Ең бастысы, біз ұйғыр ұлтының мәдени байлығын жинақтап, жұртқа ұсынумен бірге, сол асыл мұраны бай да қазыналы қазақ мәдениеті жақындату үшін еңбек еттік. Осыған орай бойында өнері бар қыз-келіншектерді жинап, «Ғұнша» атты ансамбль ұйымдастырдық. Осы ансамбль жинақтаған ұйғыр ұлтының ән-жырларын аймақта өтетін барлық мәдени іс-шара барысында елге көрсетіп, ұлттар мәдениетінің асыл қазынасын қалыптастыру үшін, әліміз келгенше жұмыс істедік. Кейін «Ұлағат» ақсақалдар кеңесін құрдық. Кеңес мүшелері негізінен бұрынғы ұлттық мәдени орталықтардың төрағалары мен ел алдында беделі бар ақсақалдардан тұрады. Біз осы кеңес арқылы қоғамда орын алуы мүмкін әлеуметтік карама-қайшылықтарды шешу, туындауы мүмкін ішкі кездейсоқ жағдайлар мен ахуалды болжау, оны бейтараптандыру бағытында белсенді еңбек еттік. Әдетте ақсақалдар кеңесінің шешімі ұсыныстық сипат алады. Десе де, осындай ұсыныс арқылы ұрпақтар байланысын жалғастыруда, өскелең ұрпақты азаматтық бірлік, жоғары адамгершілік пен елжандылық, Казакстанға деген сүйіспеншілік рухын тәрбиелеуге атсалыстық.

Жас qazaq: Қазақстанның тұғырлы ел болуы үшін алдағы уақытта қазақ халқы мен этнос өкілдері не істеу керек?

С.Гаитова: Казакта «Үй ішінен үй тікпес болар» деген мәтел бар. Сол айтқандай, баршамыз жеке «Ұлттық пәтерге» бөлінуді ойламай, ортақ Отанымыздың болашағына алаңдауымыз керек. Ағаш тамырсыз болмайды. Егер ұрпақтар арасында татулық үзілсе, онда мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Бұл жерде мен әже және «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрағасы ретінде балаларды отансүйгіштікке, достық пен татулыққа тәрбиелеуге, ұлтаралық келісімді ана сүтінен бойға сіңіруге шақырамын.

**Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС,
Алматы облысы**

Тұлға

Темірхан Мынайдарұлы менен екі жас үлкен. Бірақ ағамыз өмірде көрген-білгені, көкейге түйгені көп, мына жалғанның қалтарыс-қатпарын терең түйсінген адам. Мен бұл кісінің кесек мінезін, кендігін, іскерлігін бір адамдай мойындаймын. Темеға менің үлгі тұтар, темірқазық тәрізді адастырмай жол сілтейтін ардагер ағаларымның бірі. Темірхан Мынайдарұлымен білісіп, сыйласқанымызға қырық жылдан асыпты. Алла тағала бұл кісіге қазақтың байтақ даласындай шалқыған ажарма көңіл сыйлай салған ғой, қашан кездессек те құшағын жайып, аңқылдап отырғаны. Иә, осындай ағаларға жолыққанда жағаң жайлау, көкірегің шуаққа малынып, тұлпарға мінгендей ғажап бір күй кешесін,

Мемлекет және қоғам қайраткері, самбо күресінен Кеңес Одағының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Темірхан Досмұхамбетов туралы жүрекжарды сөз.



КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Темірхан Досмұхамбетовтің самбодан әлем кубогының жеңімпазы, Еуропа және КСРО чемпионы, шәкірті Айтжан Шаңғараевты баптап жатқан сәті.

Жайлауов, Ғалия Нұрғалиева, Айжан Раушанова, шаңғымен бағдарлаушылар Аслан Токбаев пен

Елмира Молдашева және допты хоккейден шабуылшы Рауан Исалиев бастаған он жігіт, барлығы 16 қазақ баласы Азия ойындарының алтын медалін жеңіп алды. Бұларға қоса, 6 қазақ спортшысы күміс, қола жүлделерге ие болды. Бұл түсінген адамға өте жоғары нәтиже. Ендігі жерде қазақ спортшылары қысқы Азия ойындарында осыныша олжаға жете ала ма? Тек қазақ спортшылары ғана емес, біздің қысқы құраманың алдағы Азия ойындарында 2011 жылғы жеңісті қайталауы тым қиынға соғары анық. Ең бастысы, негізгі дирижері Темірхан Досмұхамбетов болған 2011 жылғы қысқы Азиада әлем жұртшылығы алдында Қазақ елінің мәртебесін көтеріп, абыройын асырған тамаша спорттық аламан болғанын жер шарының әр қиырынан келген мамандар мен журналистер бір адамдай мойындады. Қазақ елінің спортшылары Темірхан Досмұхамбетовтің басшылығымен 2008, 2012 жылдардағы жазғы Олимпиада ойындарында тамаша табысқа қол жеткізді. Темірхан Мынайдарұлының көпшілік мойындаған тағы бір қыры — еңбек жолын қарапайым бапкерден бастап, Президент командасының белді мүшесі бола білгендігі дер едім. Асқар таудың ұшар басына жақындаған сайын жел мен суықтың күшейе түсетіні тәрізді, биліктің бел ортасында ұзақ уақыт табандап жүру нағыз қажырлы, ақылды, іскер адамның ғана қолынан келетін тірлік. Темірхан ағамыз Қазақ еліндегі бүкіл спорттың қауымның ішінен жеке-дара шығып, осындай асқаралы асудан абыроймен өткен әзірге жалғыз адам. Ағамыз бұл жағынан да бәрімізге үлгі-өнеге танытты.

Осыдан он жыл бұрын Темірхан Мынайдарұлы республика ауыл шаруашылығының көшбасшысы әрі рекордшысы болады десе сенуіміз екіталай еді. Бірақ кейінгі үш-төрт жылдың ішінде ол кісі басқаратын «Байсерке-Агро» холдингі дөнді дақылдар мен сүт өндіруден кешегі Совет одағына қараған мемлекеттердің арасында озық шаруашылыққа айналып үлгерді. Мен де өткен ғасырдың соңынан бастап ауыл шаруашылығы саласына ден қоя бастадым. Алаға шүкір, қазіргі таңда шаруамыз көлімгідей дөнгеленіп, өрісіміз кеңейіп қалды. Әйтсе де, Темірхан ағамыз бәрімізді басып озғанын мойындауға тиіспіз. Ол кісі ауыл шаруашылығын заманауи ғылыммен терең ұштастырып, соның нәтижесінде рекордтық биіктерге жете бастады. Осы уақытқа дейін замандастары мен інілеріне көп нәрседе ақылшы, өнеге болған Темкен енді бізге ауыл шаруашылығы саласынан үлгі көрсетіп жүр.

Қазақ — қабырғалы, дана халық. Халықтың әр заманда көш бастаған тұғырлы, зиялы адамдары болған. Бүгінгі заманның осындай тұлғалы азаматының бірі — Темірхан Мынайдарұлы десем, ешкім теріс дей қоймас. Менің мына аумалы-төкпелі заманда түсінгенім, Темкендей салмақты, көпке ұйытқы болатын, айбарлы азаматтар халқына өте қажет. Маңайындағы адамдардың көпшілігі ағамызға арқа сүйесе, өз қолы, өз аузына жеткен небір кісілер Темірхан Мынайдарұлымен көп нәрсені ақылдасып отырады. Бұл дегенініз, Темірхан Досмұхамбетовтің көпке сыйлы, өмірде өз орны бар азамат екенінің белгісі. Мен алдымда осындай нар қазақтың жүргенін әрдайым мақтан тұтамын. Мұндай жандардың қадірін біз білмесек, ергенгі күні өкшенді басқан інілерден сый күтуін қиын. Алатаудай ағаларымыз аман болсын!

Жақсылық ҮШКЕМПРОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері, Олимпиада және әлем чемпионы

ЖАҚСЫДАН – ШАРАПАТ

әлгінде ғана құлазып тұрған көңілің шайдай ашылады. Ұмытпасам, сексенінші жылдардың соңғы жағы болуы керек. Алматы көшесінде келе жатыр едім. Бір машина жаныма кеп окыс тоқтай қалды. Бұл кім екен деп ойлап үлгергенімше, ішінен жадырай күліп Темірхан аға шыға келді. Ол кісі бұл кезде республикалық «Еңбек резевтері» спорт қоғамының төрағасы. Хал-жағдай сұрасып, шүйіркелесіп біраз тұрдық. Аға кетерінде: «Мен күндердің-күнінде депутат, министр боламын. Сонда саған міндетті түрде қол ұшын беремін» деді. Қапелімде не дерімді білмедім. Тіл ұшына оралғаны «Рахмет, аға!» деген бірауыз сөз болды. Көлігіне мінген Темкен алыстай берді. Мен болсам, ағаның бірауыз сөзіне маркайып қала бердім. Досмұхамбетовтің сөзі мен ісі алшақ кеткен емес. Темірхан ағамыз жоғары лауазымды қызметке қол жеткізген соң бәзбіреулер тәрізді кісімісіп, сызданудан бойын аулақ ұстады. Біз секілді інілерімен қарым-қатынасын суытпай, қолдан келген жақсылығын аяған емес. 2006 жылы Темірхан Мынайдарұлы екінші рет республиканың туризм және спорт министрі болды. Сол жылы Қытайдың Гуанжоу қаласында күрестен әлем чемпионаты өтіп, осы жарысқа министр Досмұхамбетов арнайы келді. Біздің еркін және грек-рим күресі балуандары әлем чемпионатында сәтсіз күресіп, бәсеке соңынан Темірхан Мынайдарұлы бәріміздің басымызды қосты. Жиын үстінде күрестің даму барысы, ішкі ахуалы, проблемалары тілге тиек болып, біраз мәселе қозғалды. Темірхан Мынайдарұлы қос құраманың бас жаттықтырушысы туралы өз ойын ортаға сала келе, грек-рим құрамасына Танат Сағындықовты, еркін күреске Мәлік Нәдірбековті лайық санайтынын білдірді. Мені министрдің күрес бойынша кеңесшісі қызметіне тағайындады. Содан ол кісі Мәжіліске депутаттыққа ауысқанға дейін еліміздің күрес өнеріндегі өзекті мәселелерді өзара ақылдасып, кеңесіп отырдық. Темірхан Мынайдарұлы министр кезінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен үкіметтің көзін жеткізе отырып, Олимпиада чемпиондарына 250 мың АҚШ доллары, күміс жүлдегерге 150 мың доллар, қола медаль иегеріне 75 мың доллар сыйақы төлейтін жағдайға қол жеткізді. Осы қадамның арқасында Қазақ елі олимпиадашыларға сыйақы төлеуден дүниежүзі бойынша алдыңғы орындардың бірін иеленіп отыр. Жастық шағын спортқа арнаған біз секілді адамдар Досмұхамбетовтің бұл еңбегін жоғары бағалаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Темірхан ағамызды ең бір жауапты қызметтерде сынап көрді. Досмұхамбетов Президент тапсырмаларын мүлтіксіз орындап, сенімін ақтап отырды. Мысалы, 2011 жылы Астана мен Алматы қалаларында болған қысқы Азия ойындары әлемдік спорт қауымдастығының және еліміздің спорт жанкүйерлерінің көңілінен шықты. Темірхан Мынайдарұлы осы бәсеке қарсаңында өзінің бойға біткен мінезімен «Командалық тартыста Қытай, Оңтүстік Корея және Жапониядан кем түспеуіміз керек. Неде болса, бірінші орынға таласамыз!» деп, нар тәуекелге басты. Досмұхамбетовтің бұл қадамына күмәнмен қараушылар аз болған жоқ. Тіпті елдегі қысқы спорт мамандарының өздері біздің құраманың Қытай, Оңтүстік Корея және Жапониядан озатынына сенген жоқ. Бірақ Темірхан Мынайдарұлы ішкі түйсікпен қазақ спортшыларының топ жаратынын дөп басты. Ақыры, солай болды. Қазақстан құрамасы 32 алтын, жалпы жиыны 70 медальмен командалық бас жүлдені жеңіп алды.

Астана мен Алматыдағы VII қысқы Азия ойындарында жүлдегер атанған қазақ спортшыларының саны бұрынғы құрлық ойындарымен салыстырғанда әлдеқайда көп болды. Деректерге сүйенсек, биатлоншы Днас Кенешев, шайбалы хоккей шеберлері Талғат



Т.Досмұхамбетовтің шәкірті — әлем және КСРО чемпионы Моден Қалишев



Т.Досмұхамбетов пен Ж.Үшкемпіров.

RÝHANIAT

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Әріптес әлемі

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, жазушы, республикалық «Қазақ үні» газетінің Бас редакторы Құлтөлеу Мұқаш талайдан бері көпшілікті танымал тұлғалардың қол боста әуестенетін істерімен таныстырып келеді. Сондай-ақ ол әлеуметтік желіде белгілі қаламгерлердің, өнер адамдарының ескі фотосуреттерін жариялап жүр. Бізді әріптесіміздің негізгі жұмыстан қалт өткендегі өзінің де ермегі қызықтырған еді.

Жас qazaq: Байқауымызша, сенің жеке «хоббиң» де біршама секілді. Қол боста нендей істі ермек қыласың?
К.Мұқаш: Бүгінде бәлендей іспен тұрақты әуестенемін деу қиын. Жасырақ кезде сурет салдық. Кейінде ол да біртіндеп доғарылғандай. Дегенмен, газет-журналға кейбір материал даярлағанда фотосуреттері табылмаған кейіпкерлердің кескінін өзім бейнелеуге тура келетін сәттер кездесіп қалады. Одан соң еңбек жолын шахтада бастағандықтан, жақұт тас түрлерін жинаған кездерім болған. Бұл құмарлықтың қаншалықты қызықты әрі қауіпті екенін «Ант сәтінде ай тұтылады» деген әңгімемде аздап жаздым.
Жас qazaq: Қазақ зиялыларының ермегіне қызығып қана қоймай, әлі де жазып жүрген секілдісің...
К.Мұқаш: Иә, сәті түскенде жазып қоямын. Әбу Насыр атамыз, Махамбет, Шоқан

ЕРМЕГІМ – ЕЛДЕ ЖОҚТЫ ЖИНАУ

Уәлиханов, Абай, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлының әуестіктерін біршама зерттеп, мерзімді басылымдарда жарияладым. Сол сияқты Қалмұқан Исабайдан Алмат Исәділге дейінгі акын-жазушылардың ермектері туралы қалам тартыппын. Олардың арасында Асанәлі Әшімов, Қайрат Байбосынов сынды өнер адамдарының ермектері де қамтылған. Журналист ағайындардың әуестіктері туралы әңгіме өз алдына бір төбе. Міне, осыларды елге таныстыруды, бір жағынан, жұмысым, кәсіби міндетім деп санасам, екіншіден, бұларды қызықтау өзімнің де әуестігіме айналғандай. Қарап отырсам, бұл тұрғыда бүгінге дейін қазақтың замандас игі жақсыларымен түгел дерлік сұхбаттасыппын.

Адам баласы қандай ауыр кезеннің өзінде сергітін, көңіл серпілтетін ермекті өзі-ақ ойлап тауып отырады. Соғыс жағдайында да ән салынбай ма. Сол секіллі, айталық, шахта шынырауларынан анау минерал тастарды жинап жүрген сәтте қазақ ертегілеріндегі жерасты «патшалығының» асыл қазынасы туралы әңгімелердің өмір шындығынан алынғандығына көз жеткізесін. Оларды Табиғат-ананың бетіне сызат түспейтіндей қымтап сақтайтынына қайран қаласыз. Тастардың тұр-түсі де ғажап. Бірі — қара-қошқыл... Қызылғи, көгілдір, жасыл немесе күлгін... Жалт-жұлт етіп, мын құбылады. Сондай да әйгілі үшқшып-қосмонавт Алексей Леоновтың алау жалынға оранған ғарыш көріністерін бейнелейтін картиналары көз алдына келеді. Яғни галактика кереметтері мен жерасты тауларының арасында да өзіндік байланыс бар. Осыларды салғастыру үстінде таным деңгейініз кеңейе түсетіні анық.

Жас qazaq: Белгілі бір ермек түрін, әсіресе, шығармашылық адамдарының көбірек айналдыратыны заңдылық та шығар.
К.Мұқаш: Ауыр ой еңбегінен қажығанда бір мезгіл арқа жазып, бой сергіту қажет-ақ қой. Баяғыда Олжас Сүлейменовтің ұстазы, атакты акын Борис Слуцкий жас шәкіртіне: «Міне, көрдіңіз бе, мен мынандай шағын мүсіндер жинауға кірістім. Ақын адам жыр шумактарын ғана жинастырумен шектелмей, дүниедегі барлық құбылысқа қызығушылық танытуы керек. Сіздің бір кезең қаламды суытқаныңыздан әлемдік поэзия қонылтақсып қалмайды. Қайта, қолыңыз өленте сондай үзілістерден кейін жүре бастамақшы. Ал тек жазу-жазу деп бір нүктеге қдалып алсаныз, шабытты тіксінтесіз. Ол зорлықты көтермейді» депті.
Одан соң «Халыққа қызмет ету» деген ұғым бар. Мысалы, ғасырдан да ұзақ ғұмыр кешкен Омар Каймолдин деген ақсақал бірде: «Мен бала кезімнен қазақтың тарихына құмар болып, ұлы көштің сонына түскен адаммын. Кай өкем не айтып, не бітіріп кеткен, соны іздедім. Ине-жібіне дейін қалдырмай жинауға ұмтылдым. Қазақтың алтыс бір түрлі музыкалық аспабын жинадым. Оның көбі қазір Ықылас атындағы Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайында тұр» дегені еді. Сөйтіп, осынау қарапайым адам ұлт руханиятына қисапсыз үлес қосқан. Яғни о кісінің еңбегі биік, елдік мүдделермен ұштасып отыр.
Жас qazaq: Сен көптен бері белгілі адамдардың фотосуреттерін жинайсың. Бұл әуестігің қашаннан басталды?
К.Мұқаш: Бұл әдет журналистік қызметке кіріскен сәттерден басталған шығар. Редакцияда жүргенде қолға түскен суреттерді келешекте керек болып қалар деген оймен тартпаға қаттай берген секілдімін. Мұны ретімен пайдаландым да. Фотосурет деген де керемет ақпарат.



Суретте: К.Мұқаш. «Автопортрет. Қоңыр күз. Элегия». 1990 жылы

К.Мұқаш: Жана аты аталған Омар ақсақалдай шежіре карттарды көп жағаладық. Батыр Баукенді... әйгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлын сыртынан екі-үш мәрте ғана көріппін. Жакындап барып, сәлем беруге жүрек дауаламапты. Бірақ кейін сол Бауыржан полкінің комсоргі Жолмырза Самұратовпен талай жолықтым. Әңгімелестім. Мақала жаздым. Сондай-ақ панфиловшы Бағдат Жандосай ақсақалмен бірталай уақыт қатар жұмыс істегеніміз өзіне мәлім. О кісінің керемет ретушер-суретші екенін де жақсы білесін. Қазақ жерінің түкпір-түкпір, сай-саласын жаяу аралап, карта жасаған атакты геолог Молдияр Серікбасвқа жуық болдым. Атакты жазушы Сайын Мұратбеков ағамның қасында біраз жүріппін. Ақын Өтежан Нұрғалиевпен көп сырластық. Белгілі фотосуретші Сайлау Пернебасвқа да едәуір «атқосшы» болған күндеріміз бар. Міне, негізінен, осы адамдардан ауысқан дүниелер арқылы «Айдың арғы бетіндегі өмір» дегендей, тірліктің екінші қырына, дәуір, уақыт тезіне ой жүгіртіп үйрендік.
Жас qazaq: Осы ермектерін іздену тұрғысынан алғанда жеке шығармашылығына жәрдемдесе ме?
К.Мұқаш: Әрине, пайдасыз болмайды. Әйткенмен, баяғыда университеттегі кейбір ұстаздарым менің сурет салғанымды, қоғамдық жұмысқа араласқанымды онша бағатпады. Барлық уақытты тек оқуға, жазуға қол қажеттігін айтатын. Бұл қисынсыз талап емес еді. Өйткені, шығармашылық күшті шашыратпай тек бір арнаға тоғыстырғанға не жетсін! Әр төбені бір шалып, далақтау орынсыз. Бармақ шайнайсың. Мен өзім де «өзі биші, өзі күйші» дегендерді аса ұната қоймаймын. Әмбебаптықтың да шегі бар. Мысалы, тілші ретінде бір-екі жылдай фотоаппарат ұстаған кезім болған. Сөйтіп қаламды «өкпелетіп» ала қаздадым. Әркім алдымен өз мамандығын биік деңгейде игерген жөн ғой. Жалпы, келе-келе не нәрсе де тек өзіне ғана шексіз берілунді қалайтынын түйідім. Бұл да өзі ұзақ, күрделі тақырып. Атакты актер Леонид Броневой: «Талант дегеніміз — мөлшерді білу» дейді. Әр жағдайдың шегін жігі сезіну керек. Кейде ойласам, көп уақытым бос кеткендей көрінеді. Дегенмен, ол да іздену кезендері шығар деп өз-өзінді жұбатасың.

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Назгүл КЕНЖЕТАЙ – халықаралық журналист

БҰЯМАСЫЗ ӨМІР

Jas qazaq: Назгүл, іссапармен әлемнің канша елінде болдыңыз? Сізге ерекше әсер қалдырған қай ел?

Назгүл Кенжетай: Мен Түркияда университетте оқыдым. «National Security» тақырыбында жазған пікірлер мен жоспарларды қорғау барысында Румынияның ЕуроОдақ мүшелігі комиссиясында спикер болдым. Қоғам дипломатиясының маңызы мен міндеттері туралы спикер ретінде ұсынылған мақалам Молдавияның үкіметі тарапынан жоғары бағаланды. Өзбекстанда билік ауыса сала Шевкат Мирзияевтің шақыруымен «Өзбекстанды медиа арқылы әлемге таныту» конференциясына қатысып, білікті

Назгүл Кенжетай – халықаралық фотожурналист. 2015 жылдан бері сириялық босқындар мәселесін зерттеп жүр. Газетіміздің өткен санында Назгүлдің тосыннан түсірілген фотосуреттерін жариялаған едік. Ол ащы шындықты бейнелейтін фотосуреттері арқылы қауіпті аймақтың қасіретіне әлем назарын аударғысы келеді. Түркияның Ыстамбұл қаласында білім алып жатқан Назгүл *Jas qazaq* ұлттық апталығына арнайы сұхбат беріп, түрлі сапарлары туралы әсерлерімен бөлісті.



орналастыру үшін жүгіру басталды. Сөйтіп жүріп, шекараға дейін жеттік. Сол уақытта «жакында жана босқындар келеді, шекара ашылады» деген хабарды естідік. Ал біздің студент ретінде, оның үстіне шетел азаматы ретінде ол жерге бару мүмкіндігіміз нөлге тең еді. Бірақ біздің де бәрін көзбен көріп, материал жазғымыз келді. Мен оған дейін балалардың, оның ішінде босқын балалардың құқығы жайлы диссертация жазған болатымын. Соның негізінде ЮНИСЕФ, БҰҰ

және Түркияның ұйымдарына арнайы делегациямен бірге шекараға барып, ақпарат жинауға, зерттеуге рұқсат беруді өтінген хат жолдадым. Ұзаққа созылған процестердің нәтижесінде рұқсат алдым.



әріптестерімнен қалыспай өз жоспарымды ұсындым. Әзірбайжанда өткен НАТО-ның қысқы конференцияларына қатысып, жана әскери жүйемен таныстық және терроризмнің алдын алуда БАҚ-тың маңызын ұсынған болатынмын. Сондай-ақ Еуропа журналистер одағының мүшесі болғаным үшін, сол аумақтағы елдерде жиі болып тұруым қажет. Украинаның проблемалық жағдайларын зерттеу жұмыстарына да қатыстым. Сонымен қатар Сирияның Алеппо қаласында зерттеу жұмыстарын жүргіздім.

Jas qazaq: Сирия мәселесін студент кезден зерттей бастапсыз, осы тақырыпты тандауыңызға не себеп болды?

Назгүл Кенжетай: Оның себебі көп. Біріншіден, біздің әлемге деген өз көзқарасымыз болуы тиіс. Екіншіден, сору-paste жүйесін бұзғым келді. Яғни біз әлемде болып жатқан жағдайларды Ресей немесе Еуропа арқылы ғана біле аламыз. Осылайша, сол елдердің насихатын жалғастырудамыз. Өкінішке қарай, нақты ақпарат көзі жоқ. Бізге шынайы ақпарат қажет. Менін де максатым — осы. Үшіншіден, бейкүнә сәбилердің жанайқайын жария ету арқылы адамзаттың келешегіне, бейбіт өміріне бір тамшы болса да көмегім тисе деймін. Босқындар тақырыбын тандауыма дейін Ыстамбұлда көше кезген қараусыз балаларды жиі көретінмін. Ойыма түрлі сұрақтар келді. Бұл балалар неге көшеде жүр? Олар ешкімге керек емес пе? Неге қайыр сұраған балалар көбейіп кетті? Зерттей келе, босқындар мәселесіне келіп тірелді. Алғашында шағын мақала ғана жаздым. Бірақ ол айтарлықтай нәтиже бермеді. Содан кейін оны көрсету керек деп шештім. Осылайша, балаларды фотоға түсіре бастадым. Кейін ол кішкентайларды балалар үйіне, арнайы лагерлерге



Jas qazaq: Сириядағы халықтың тұрмыс-тіршілігінен не байқалдыңыз? Әсіресе әйелдер мен балалардың көзінен не көрдіңіз?

Назгүл Кенжетай: Ол жерде көз алдында бір елдің қалай жоқ боп кеткенін көрдім. Онда проблема көп. Кім кіммен соғысып жатыр, оны өздері де білмейді. Араларында адасқандар өте көп. Сыртынан аш құзғын секілді торуылдаған басқа елдер қаншама. Ең қиыны — сәбилердің болашағы, аналардың ащы дауысы, әкелердің шарасыздығы. Босқын мәселесі не болмақ? Бұл босқындар үлкен елдердің үлкен амбицияларының құрбаны. Өз іштерінде бірлік жоқ. Сол үшін менің айтарым — үнемі бірлікте болайық. Біздің еліміз өте бай, сол байлыққа көз тігіп отырғандар қаншама? Бірлігіміз болмаса көрер күніміз қиын болмақ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Досжан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның
Халық әртісі:



Теледидарды қоса қалсаң, әйел образын сомдауға ытық жігіттерден көзің сүрінеді. Еркек – әйел болады. Добалдай бір азамат, тепсе темір үзетін. Оған тракторда не болмаса экскаваторда отыру керек. Көмір қаздыру керек. Ал ол әйелдің киімін киіп, сахнаға шығады ұялмай. Олар мұны өнер деп ойлайтын болу керек. Бұл – өнер емес!

HTK.kz

МҮКІС МҮЙІС



АЛ ТҮСІНІП
КӨР!



Бұл суретті алматылық оқырманымыз Ербол Қожәлімов жолдады.

ӨНЕГЕ



Павлодар облысындағы Тереңкөл ауылының әкімі Аждар Жүсіпов 125 кітап оқыған 5-сынып оқушысына ешкі сыйлады. Оның айтуынша, адамдарға материалдық заттарға қарағанда жануарлар көбірек қуаныш сыйлайды екен.

Әкімнің сыйлығы



А.Жүсіпов Павлодар ауылының әкімі болып тұрған кезде де жомарттығымен танылыпты. Ауыл тұрғындары арасында түрлі байқау ұйымдастырып, жеңімпаздарға сыйлыққа әтеш берген. Ол «Ақша берсен, ол бірден жұмсалып кетеді. Ал жануар сыйласан, адамдар қуанып қалады. Жакында кітапхананың үздік оқырманы атанған бесінші сынып оқушысына ешкі сыйладым. Ол аз қамтылған отбасыдан екен. Әкесінің айтуынша, ешкі олардың шаруашылығына жәрдем болады», — дейді. Тіпті әкім Павлодар орталық мешітіне тауыс та сыйлаған. Ендігі сыйлыққа қоян дайындап отыр.

tengrinews.kz



Ақтобеде қолөнерші Гүлнұр Асқарова өзінің киіз басу шеберлігін жұртшылыққа таныстырды.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТУЛЫ — Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.